



БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры

 Б.Абдикерова

«31» 01 2022 ж.

«Болашаққа жолдама» облыстық форумы аясындағы «ҮЗДІК АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА» байқауының ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер.

1.1. Осы Ереже «Болашаққа жолдама» облыстық форумы аясында «ҮЗДІК АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА» байқауын өткізу тәртібі мен шарттарын белгілейді.

1.2. Байқауды өткізу тәртібі осы Ережемен айқындалады.

1.3. Байқауды ұйымдастырушы Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы КМҚК

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

2.1. Мақсаты - элективті курстардың, таңдау бойынша арнайы курстар мен оқушылардың кәсіптік таңдауына бағытталған бағдарламалардың авторларын қолдау және іс-тәжірибесін тарату.

III. Негізгі міндеттері:

- педагогтердің шығармашылық әлеуетін қолдау;
- оқыту тәжірибесінде өз әзірлемелерін қолдануға және пайдалануға мүмкіндік беру;
- үздік педагогикалық тәжірибе идеяларын тарату;
- жобалық қызмет тәжірибесін жинақтау.

IV. Байқауға қатысушылар: Білім беру ұйымдарының педагогтері

V. Байқауға қатысу шарты:

Байқауға жобалық қызмет аясында әзірленген «Медициналық сыныптар», «Педагогикалық сыныптар», «IT сыныптар», «Агросыныптар», «Инженерлік сыныптар», «Сәулетші», «Жас блогер», «Жас журналист» және т.б. бағдарламалар ұсынылады.

VI. Өткізу кезендері мен мерзімдері

6.1. I кезең – аудандық/қалалық: наурыз 2022 жыл

6.2. II кезең - облыстық іріктеу: 31 наурыз – 10 сәуір. Іріктеу кезеңіне қатысуға әр өңірден 1-2 үздік жұмыс жолданады.

6.3. III кезең - «Болашаққа жолдама» форумының облыстық Бірыңғай күні сәуір 2022 жыл. III кезеңге 12 үздік жұмыс қатысады (қазақ тілінде – 6, орыс тілінде – 6 жұмыс)

6.4. Форумның облыстық іріктеу кезеңіне қатысуға өтінімдер мен жұмыстарды қалалық/аудандық кезең қорытындылары бойынша білім бөлімі 2022 жылдың 30 наурызына дейін электрондық umc.forum@umckrg.gov.kz мекенжайға жібереді.

VII. Бағалау критерийлері:

- педагогикалық мақсаттылығы,
- өзектілігі;
- педагогикалық жаңалық;
- жұмыс тәжірибесін тарату және тираждау мүмкіндігі.

VIII. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

8.1. Байқауды ұйымдастыру үшін сараптамалық комиссия (қазылар алқасы) құрылады, ол үміткерлер құрамын анықтайды.

8.2. Сараптамалық комиссия үздік жұмыстарды іріктейді, сараптайды, қорғауға жіберілетін жұмыстарды анықтайды.

Сараптамалық комиссия жұмысы екі кезеңнен тұрады:

I кезең– авторлық бағдарламалар сараптамасы;

II кезең – «Болашаққа жолдама» форумының облыстық Бірыңғай күні бағдарламаның презентациясын тыңдайды, сараптайды, бағалайды.

8.3. Байқауға қатысушылар жұмыстарын мемлекеттік және орыс тілінде ұсына алады.

8.4. Бір жұмысқа екі автор болуына рұқсат етіледі (екіден артық болмайды). Безендіру талаптарына сай емес немесе жаңашылдығы және тәжірибелік маңыздылығы жоқ мақалалар қарастырылмайды.

IX. Авторлық бағдарламаларды ресімдеуге қойылатын талаптар:

9.1. Авторлық бағдарламада болуы керек:

- бастапқы бет (титул) парағы;
- рецензия (ғылыми қызметкерден, практик мұғалімдерден);
- түсінік хат;
- курстың мазмұны;
- тақырыптық-күнтізбелік жоспар;
- бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету (бақылау-өлшеу материалдар мен қосымшалар);
- ақпараттық блок (мұғалімге, оқушыларға арналған әдебиет тізімі, пайдаланылған әдебиет тізімі, интернет ресурстар).

9.2. Титул парағында болуы керек:

- жарғыға сәйкес білім беру ұйымының атауы;
- тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес), бағдарлама авторының лауазымы;

- авторлық бағдарламаның атауы;
- авторлық бағдарламаны әзірлеген жылы.

9.3. Бағдарламаның түсіндірме жазбасында болуы керек:

- бағыттылық;
- өзектілік;
- мақсаты мен міндеттері;
- ерекшеліктері;
- күтілетін нәтижелер және оларды тексеру тәсілдері.

9.4. Авторлық бағдарламаның мазмұны:

Авторлық бағдарламаның мазмұнына мыналарды енгізу керек: оқу-тақырыптық жоспар, бөлімдер, тақырыптар тізімі; теориялық және практикалық сабақ түрлеріне бөлінген әр тақырып бойынша сағаттар саны.

Авторлық бағдарламаның мазмұны тақырыптардың қысқаша сипаттамасы (теория және практика) арқылы ашылады.

9.5. Авторлық бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету:

- сипаттама;
- әр тақырып немесе бөлім бойынша қорытындылау нысандары;
- тақырып бойынша жоспарланған сабақ түрлері (ойын, экскурсия, байқау, конференция және т.б.);

- оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру әдістері мен нысандары, дидактикалық материалдар, сабақтарды техникалық жабдықтау.

Авторлық бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету блогындағы материалдар саны күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауға сәйкес келуі керек (*мысалы: авторлық бағдарламада 34 сағат – 34 сабақ әзірлемесі*).

9.6. Ұсынылған материал орындалуы керек:

- А4 форматында,
- Microsoft Word мәтіндік редакторда;
- Times New Roman шрифтінде;
- шрифт өлшемі – 14;
- жиектер – барлық жағынан 2 см;
- жоларалық интервал -1 -1,5;
- бағыты кітаптық, тасымалсыз.

9.7. Авторлық бағдарламаға презентация жасау үшін:

- ҒӘК көшірмесі;
- сөйлейтін сөздің мәтіндік нұсқасы;
- көрсетілетін презентация/бейнематериал болуы керек.

X. Қорытындылау, марапаттау

10.1. «Үздік авторлық бағдарлама» байқауы секциясының қазылар алқасы шешімімен анықталған жеңімпаздар Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

10.2. Секцияға қатысқандар қатысушы сертификатын алады.

Өтінім

| № | Аудан/ қала | ББҰ атауы | Аты-жөні (педагог) | Номинация | Жұмыс атауы | Байланыс телефоны, email |
|---|----------------|--------------|-----------------------|-----------|----------------|--------------------------------|
| | | | | | | |

Сұрақтар бойынша ОӘО, №314 каб. (Қарағанды қаласы, С.Сейфуллин көшесі, 8/2 үй), тел. 44-56-30 хабарласыңыздар.

Келісілді:

1. Копбаева Г. С., ББД ОӘО директорының орынбасары
2. Аринов Е. Р., ББД ОӘО директорының орынбасары
3. Мукашева Г. Г., МДЖЖОББ бөлімінің меңгерушісі

